



Автор: Дынбаева Салтанат Ивановна

Пән: Сауат ашу

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Бізді қоршаған әлем

Тақырып: Мен және табиғат. Кк дыбысы мен әрпі

| | |
|-------------------------------|--|
| Сабақ негізделген оқу мақсаты | 1.2.9.1.Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру 1.2.1.2 Оқудың түрлерін(буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді оқу, түсініп оқу) қолдану 1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сурет сызба, сурет белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдер мәтін құрастыру және жазу 1.3.10.1 Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырата алу және оларды қолдана білу |
| Бағалау критерийлері | Барлық оқушылар істей алады: Кк дыбысының дауыссыз дыбыстар қатарына жататынын біледі. Оқушылардың көпшілігі істей алады: Сөздерді буындап оқи алады. Кейбір оқушылар істей алады: Сөздерге дыбыстық талдау жасай алады. Сөздердің мағынасын аша алады. |
| Тілдік мақсат | Оқушылар: Кк дыбысының сөздегі орнын анықтайды және дыбыстық талдау жасай алады. Негізгі сөздер мен тіркестер: Ерлік, кесте, елік, терек Сыныптағы диалог үшін пайдалы тілдік бірліктер Талқылауға арналған сұрақтар: «Ерлік» сөзін қалай түсінесің? Сіз неліктен ... екенін айта аласыз ба? Кк дыбысы неліктен дауыссыз дыбыстар қатарына жатады? |

Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|-----------------------|---|--|
| Басы (2 мин) | Шаттық шеңбері Біз қандаймыз, қандаймыз. Шұғылалы таңдаймыз. Күлімдеген күндейміз, Ренжуді білмейміз. Қуанамын мен де Қуанасың сен де. Қуанайық, достарым Арайлап атқан күнге! | |
| топқа бөлу (4 мин) | Топқа бөлу. Түрлі-түсті стикерлер арқылы топқа бөлу 1-топ. қызыл 2-топ. жасыл 3-топ. сары Қызығушылықты ояту: (ұжымдық) Бейнеролик көрсетіп, не туралы екенін сұрау Бағалау: Мадақтау | Қима қағаздар, суреттер «Еліктер» жайында мультфильмінен үзінді |
| ортасы (4 мин) | - Оқушылар, бүгін біз к дыбысы мен оның әріп таңбасымен және к дыбысының сөзде кездесетін орнымен танысатын боламыз. - К әрпі неге ұқсайды? - К дыбысы қандай дыбыс? - К Ү Ш І К. Күшік сөзі қай әріптен басталып қай әріпке аяқталып тұр? (К) К- баспа әрпі көрсетіледі К - дауыссыз дыбыс, өз алдына буын жасай алмайды. «Тез ойлан» ойыны ҰЖ. | Оқулық Суреттер Қима қағаздар. К әрпі |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|----------------------------|--|---|
| оқулықпен жұмыс (4 мин) | <ul style="list-style-type: none"> • К дыбысы сөздің басында кездесетін сөздер • К дыбысы сөздің ортасында кездесетін сөздер • К дыбысы сөздің соңында кездесетін сөздер <p>- Балалар, біз К дыбысының сөздегі орнымен таныстық. К дыбысы сөздің барлық буынында кездесетінін білдік. - Келесі тапсырмада Әлимен бірге К әріпі еліне саяхатқа шығамыз. - Бағалау: Мадақтау 1-тапсырма. ТЖ. Оқулықпен жұмыс. «К әрпі» еліне Әлидің саяхаты. Әли саяхат барысында кедергілерге жолықты. Ол кедергілерде мынадай сөздер берілген екен. Осы сөздерді оқып, дыбыстық талдау жасап, Әлидің саяхатты ары қарай жалғастыруына көмектесейік.</p> | суреттер слайдтар оқулық суреттер сөздер смайлик |
| Бағалау: (6 мин) | <p>түрлі-түсті стикер 2-тапсырма. ҰЖ, ТЖ, ЖЖ Оқулықпен жұмыс. Оқу. Берілген сөздерді</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Хормен оқу. 2. Топпен оқу 3. Тізбектей оқу <p>Бағалау: түрлі-түсті стикер арқылы</p> | оқулық жұлдызша |
| Сергіту сәті. (4 мин) | <p>Сергіту сәтін бейнероликпен бірге орындайды Қолдарыңды көтеріңдер – бір дейік. Көп отырып, қатты шаршап жүрмейік. Қолды создық, басты бұрдық – екі деп, Қозғалыспен әрбір адам жетіледі. Алға, артқа қарадық та – үш дедік. Тағы жаңа жаттығулар істедік. Түсірейік қолды төрт пен бесті айтып, Отырайық көңілді енді марқайтып.</p> | бейнеролик |
| Топтық жұмыс (6 мин) | <p>Әр топ «Ерлік» сөзінің мағынасын өз түсінігі бойынша ашып айтады. Бағалау: басбармақ 3-тапсырма. (Жеке) Кк әрпінің жазылу үлгісін таныстыру</p> <ul style="list-style-type: none"> • бейнеролик көрсету • Ауада жазу • Тақтада жазып көрсету <p>Дәптермен жұмыс Дәптерімізді ашайық Салақтықтан қашайық Қолға қалам алайық Көркем етіп жазайық Кк дыбысы мен әрпі кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазу.</p> | жұмыс дәптері смайлик қима қағаздар |
| Бағалау: (6 мин) | <p>Бағалау: смайлик Жылдам тап ойыны К әрпі кездесетін сөздерді қоршап сөз Кісі, кіші, екі, Ерлан, алты, ер, кеме, кесе, ерлік, шар, ақыл. Бағалау: бірін-бірі бағалау Қалыптастырушы бағалау тапсырмасын орындату</p> | смайлик қима қағаздар |
| соңы (4 мин) | <p>Кері байланыс: Түрлі-түсті стикерлер арқылы сабақ түсінгенін, не түсінбегенін білдіру</p> | смайлик |